



Пайдалану бойынша нұсқаулық

TWS-гарнитура F1

Құрметті сатып алушы!

Өнімдерімізді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар бар. Осы нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

TWS Kenshi гарнитурасы Bluetooth сымсыз байланыс технологиясымен жабдықталған және музыка тыңдауға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны тым жоғары/төмен температура, шаң, ылғалдылық, тікелей күн сәулесі, қатты діріл, сондай-ақ күшті электромагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.
- Тым жоғары дыбыс деңгейінде құлақпапты ұзақ уақыт қолдану есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.

- Құрылғыға сұйықтықтың түсуіне жол бермеңіз. Оны құрылғының суға түсу қаупі бар жерлерде (мысалы: бассейн, су қоймасы, ванна және т.б.) пайдаланбаңыз.
- Өндіруші құрылғының үшінші тарап әзірлеушілерінің кез келген қосымшаларымен толық үйлесімділігіне және осы қосымшалардың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік бермейді.
- Құрылғының биіктіктен құлауынан және қатты бетке соғылуынан сақтаныңыз.
- Есіңізде болсын, батарея екі-үш толық зарядтау және разрядтау циклінен кейін максималды өнімділікке жетеді.
- Тек өндіруші рұқсат еткен қуаттау құрылғылары мен аксессуарларды пайдаланыңыз. Басқа аксессуарларды пайдалану кепілдік беру шарттарын бұзады және қауіпті болуы мүмкін.
- Өндіруші тұтынушыны алдын ала хабардар етпестен құрылғының сипаттамаларына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Ықтимал қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.
- Құрылғының корпусын тазалау үшін жұмсақ мақта матасын қолданыңыз. Химиялық заттарды қолданбаңыз, олар құрылғыны зақымдауы мүмкін.

- Бұл құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жүргізетін жағдайларды қоспағанда, оларды пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.

Техникалық сипаттамалары


- Үлгісі: F1.
- Сауда белгісі: Kenshi.
- Қуаттану параметрлері: 5 В, 300 мА.
- Bluetooth нұсқасы: 5.4.
- Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.1
- Bluetooth жиілік диапазоны: 2400–2483,5 МГц.
- Трансмиссия қуаты: 5 мВт.
- Bluetooth сигналының радиусы: 10 м-ге дейін.
- Қолданылатын кодектер: SBC, AAC.
- Жиілік диапазоны: 20 Гц – 20 кГц.
- Мембрана диаметрі: 13 мм.
- Кедергі: 32 Ом.
- Батарея түрі: Li-Pol.
- Зарядтау қосқышы: Type-C.
- Гарнитура батареясының сыйымдылығы: 33 мА·сағ.

- Зарядтау корпусының батарея сыйымдылығы: 300 мА·сағ.
- Сөйлесу режиміндегі жұмыс уақыты: 3,5 сағатқа дейін*.
- Гарнитураны зарядтау уақыты: 1,5 сағат.
- Зарядтау кейсін зарядтау уақыты: 2 сағат.
- Салмағы (кейс + құлаққап): 44 г.

Жинақталым

- Зарядтық кейс.
- Құлаққап.
- Амбушюралар.
- Type-C кәбілі.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.


Құрылғы схемасы



5

Пайдалану

Назар аударыңыз! Жылдам қуаттауды пайдаланбаңыз. Кейс пен құлаққапты зарядтау кезінде LED дисплей зарядтың ағымдағы деңгейін көрсетеді, толық зарядталған кезде индикатор жыпылықтауды тоқтатады.



Қосу

1. Құлаққапты қораптан шығарып алсаңыз, олар автоматты түрде қосылады.
2. Құлаққапты қолмен қосу үшін сенсорлық тақтаны 3 секунд басып тұрыңыз.

Өшіру

1. Автоматты түрде өшіру үшін құлаққапты қорапқа салыңыз.
2. Қолмен өшіру үшін сенсорлық тақтаны 5 секунд бойы басып тұрыңыз.

6

Телефонмен жұптасу

Құлаққапты қораптан алыңыз. Құрылғыңызда Bluetooth баптауларын ашыңыз. Ашылған мәзірден жұптау үшін **Kenshi F1** құрылғысын таңдаңыз.

Сол құлаққап

- Бір рет басу: кідірту/ойнату.
- Екі рет басу: белсенді шуды басу/мөлдір режимді іске қосу.
- Ойын/музыка режимі үшін үш рет басу.
- Әнді ауыстыру/шақыруды қайта бастау үшін екі секунд басып тұрыңыз.

Оң құлаққап

- Бір рет басу: кідірту/ойнату.
- Екі рет басу: дауыстық көмекшіні шақыру.
- Ойын/музыка режимі үшін үш рет басу.
- Әнді ауыстыру/шақыруды қайта бастау үшін екі секунд басып тұрыңыз.

7

Қоңырау



Құлаққаптарды зарядтау

Автоматты қуаттау үшін құлаққапты қорапқа салыңыз.



8

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтажды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия туғызатын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. қорғау қажет.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыстармен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

9

Әндіруші: Шэньчжэнь ЭньЛэ Индастри Ко., Лтд. 301–308 және 316–331 кабинеттері, С ғимараты, New Retail Digital индустриялық паркі, Наньчан қауымдастығы, Сисян көшесі, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Manufacturer: Shenzhen EnLe Industry Co.,Ltd. 301-308&316-331, Building C, New Retail Digital Industrial Park, Nanchang Community, Xixiang Street, Bao'an District, Shenzhen, China.
Қытайда жасалған.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2

Кепілдікке қойылған күні: _____

Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.kz/service-center/>

[illegible]